



ХҒТАР 17.09.91
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-284-297>

Түркістан атауының тарихи, геосаяси және мәдени-поэтикалық концепциясы

А.А. Жалмырза*¹ , Н.Е. Богенбаев² 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Халықаралық Түркі Академиясы, Астана, Қазақстан

(E-mail: aidinjalmirza84@gmail.com, nbogenbayev@gmail.com)

Аңдатпа. Түркістан атауы – түрк әлемінің біртұтастығы мен ортақ мәдени-тарихи сабақтастығын, өркениеттік кодын бейнелейтін кешенді феномен. Тарих бойы бұл атау тек географиялық топоним ғана емес, сондай-ақ этномәдени семиотикасы терең, тарихи хронотоптық құрылымы кең ұғым болып қалыптасты. Түркістан ғасырлар бойы түрк этностарының мемлекеттік дәстүрлерін, мәдени-интеллектуалдық кеңістігін және рухани-мифопоэтикалық дүниетанымын қалыптастырған орталық ретінде сипатталады. Оның маңыздылығы тек кеңістіктік шеңбермен ғана шектелмейді, сондай-ақ символдық және идеологиялық мәнімен көрініс табады. Түрк әлемінің ортақ өркениеттік тұтастығын сақтауда Түркістан концептісінің маңызы зор.

Бұл зерттеу Түркістан атауының тарихи эволюциясын, оның геосаяси трансформациясын және әдеби-мәдени дискурстағы репрезентациясын талдауға бағытталған. Орта ғасырларда Тұранмен қатар әрі мағыналас қолданылған Түркістан атауының VII ғасырдан бастап ресми қолданылғаны нақты деректермен дәлелденеді. Түркістанды тарихи-географиялық және этносаяси тұрғыдан зерттеген ортағасырлық тарихи дереккөздерден бастап (араб, парсы, түрк ғалымдары әл-Йақуби, Ибн Хаукал, Ж. Баласағұн т.б.), кейінгі түркітанушылардың (Бичурин, Мушкетов, Бартольд, Гаспыралы т.б.) зерттеулеріне дейінгі материалдар негізінде Түркістан атауының мағыналық қабаттары қарастырылады. Зерттеу барысында генеалогиялық, компаративистік, филологиялық-герменевтикалық және семиотикалық талдау әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижелерінен Түркістан атауының түрлі дәуірлерде этникалық идентификация, саяси құрылым және өркениеттік тұтастық ұғымдарымен тығыз байланыста дамығаны анықталатыны болжанады.

Түсті: 12.12.2024; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

Түркістан атауының тарихи және геосаяси мағынасы түрлі кезеңдерде саяси-әлеуметтік факторлардың әсерімен әртүрлі өзгерістерге ұшырап, түрлі зерттеушілердің көзқарасына қарай да түрліше интерпретацияланды. Түркістанның мәнін түсініп, шекарасын анықтау барысында ғалымдар тарихи-географиялық, этнолингвистикалық және саяси факторларды негізге алды.

Түйін сөздер: Түркістан, түрк әлемі, тарихи хронотоп, этномәдени кеңістік, геосаяси трансформация.

Кіріспе

Ұзақ ғасырлар бойы «Түркістан» атауы Каспий теңізінен Алтай тауына, Солтүстік Ауғанстаннан Орал тауына дейінгі кең аймақты қамтыған Еуразияның үлкен бір бөлігі Орта Азияның жалпы географиялық атауы ретінде қолданылған. Әр түрлі тарихи кезеңдерде осы аумақтың шекаралары саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлардың ықпалымен бірде кеңейіп, бірде тарылып отырған. Дегенмен, Түркістан атауы қандай кезеңде болмасын Еуразия құрлығына кеңінен таралған түрк халықтарының ортақ атамекені деген мәнін жоғалтпаған. Сондықтан да ол туралы тарихи деректер мен ғылыми зерттеулер аз емес. Бүгінде Түркістанның геосаяси және рухани маңызы, оның тарихы мен мәдени құндылықтары ғалымдардың қызығушылығын арттыруда, әрі осы бағыттағы зерттеулердің нәтижесі түрк халықтарының ортақ құндылықтарын танып-білуге жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Сондықтан да зерттеуіміз Түркістан атауының тарихи семантикасын, оның әртүрлі кезеңдердегі қолданылу ерекшеліктерін және түрк әдебиеті мен тарихи дискурстағы трансформациясын ғылыми тұрғыда сараптауға бағытталған. Зерттеудің басты мақсаты – Түркістан атауының тарихи-генезистік эволюциясын, оның кеңістіктік және хронотоптық сипатын зерделеу. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды: Түркістан атауының этносимволикалық маңызын және оның тарихи-мәдени контекстін ашу; Орта ғасырлардағы және жаңа дәуірдегі дереккөздер негізінде Түркістан ұғымының қолданылу аясына талдау жасау; Түрктану, тарихнама және әдебиеттану аясындағы ғылыми еңбектердің материалдарын сараптау; Түркістан атауының қазіргі ғылыми айналымдағы орны мен интерпретациялық ерекшеліктерін қарастыру.

Түркістан атауының тарихи дереккөздерде алғаш рет қашан кездесетіні туралы нақты мәліметтер аз. Алайда кейбір деректерге сүйенсек, бұл атау VII ғасырдан бастап қолданыла бастаған [1, 263 б.]. Егер бұл атауды түрктердің мекен еткен ареалы мағынасында қарастыратын болсақ, онда прототүрктердің жері туралы алғашқы ақпараттар ұсынатын антикалық авторлардан бастап, қытайдың әулеттік хроникаларындағы мифопоэтикалық мәліметтерді де назарға аламыз. Орта ғасырларда Түркістанның мәдени-өркениеттік статусы күшейіп, түрк, араб және парсы географтары мен тарихшылары оның этносаяси сипаттамасын кеңінен баяндаған. XII-XIII ғасырларда бұл өңірге еуропалық саяхатшылар да қызығушылық танытқан, П. Карпини, В. де Рубрук және М. Поло еңбектерінде Түркістан туралы тарихи-этнографиялық сипаттамалар

берілген. XIX-XX ғасырларда еуропалық және ресейлік зерттеушілер Түркістан тарихын салыстырмалы-тарихи және пәнаралық әдістер негізінде зерттей бастады. Бұл кезеңде Н.Я. Бичурин, И.В. Мушкетов, Ы. Гаспыралы, В.В. Бартольд, сынды т.б. ғалымдар Түркістан-ның тарихи-географиялық және этносаяси сипатын айқындаған еңбектер жазды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында тарихи-генеалогиялық, компаративистикалық, филологиялық-герменевтикалық және семиотикалық әдістер қолданылды. Басты дереккөздер ретінде қытай жылнамалары, ортағасырлық араб және парсы тарихшыларының жазбалары, сондай-ақ кейінгі түрктанушы және шығыстанушы ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Түркістан ұғымын концептуалды түрде қарастыру үшін әдебиеттану, мәдениеттану аспектісінде талдаулар жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Түркістан туралы бастапқы ізденістер көне тарихшылардың еңбектерінде, ескі елшілердің баянхаттарында, жылнамашылардың хаттамаларында, саяхатшылардың, көпестер мен саудагерлердің жазбаларында жазылды. Мысалы ежелгі түрктердің жері туралы ең алғашқы жазба деректер қытайдың әулеттік жылнамаларына тиесілі. Олар солтүстіктегі көршілері туралы алғашқы мәліметтерін проторүк-ғұндарға қатысты қалдырған болса, кейін түрктер дәуіріне қатысты «Сүй шу», «Тан шу», «Жаңа Тан шу», «Чжоу шу», «Бэй ши» және «Бэй Ци шу» секілді бірнеше әулеттік жылнамалар жазды [2].

Мұнан кейін түрк жері туралы VIII – XV ғасырларда жазылған араб жазбаларынан әл-Белазури, әт-Табари, әл-Йакуби, Тамим Ибн Бахр, Ибн Хордадбек, Құдама Ибн Джафар, әл-Факих, әл-Балхи, Ибн Фадлан, Ибн Хаукал, Әбу Дулаф, әл-Масуди, Исхақ Ибн әл-Хұсайын, әл-Маруази, Закария әл-Қазуини, Ибн әл-Асир, Ибн Баттута, Ибн Халдун, Ибн әл-Фурат, Ибн Арабшаһ есімді тарихшы-географ ғалымдардың еңбектерін көреміз. Бұл ғалымдардан кейбіріне тоқталып өтер болсақ, араб географы әл-Йакуби Памир үстіртінің Түркістан деп аталатынын жазды [3, 556 б.]. Сондай-ақ Ибн Хаукал (943-969) «Китаб ал-массалик ва-л-мамалик» атты еңбегінде X ғасырдағы әлем картасын сызып, Түркістан жерін көрсетті.

XI ғасырда Қарахан дәуірінің асыл мұрасы «Құтты білік» поэмасында Жүсіп Баласағұн Түркістан мен Тұран атауларын қатар қолданды. Түрк ақыны дастанының кіріспе бөлімінде: «Мәшрық (шыңыс) уәлаятында күллі Түркістан елдерінде Бұғрахан тілінде түрк сөзімен бұл кітаптан жақсырақ кітапты ешкім ешқашан жазған емес» деп, күллі түрк халықтарына тиесілі жерлерді Түркістан деп айтып отыр [4]. Дәл осы кіріспе бөлімінен «ирандықтар «Шахнамаи түрки» деп, тұрандықтар «Құтадғу білігі» деп ат қойды» деген жолдарды да оқимыз. Ал М.Қашқари Византиядан Қытайға дейінгі алып аумақтың Түркістанға тиесілі болғанын жазды. Демек Қарахан кезеңінде Түркістан және Тұран атауларының мағыналас ұғым ретінде қолданылғанын байқаймыз. Бұл атаулар сол дәуірде «түрк елі» деген мағынада қолданылған. Алайда соңғы жылдардағы зерттеулер

аталмыш бұл екі географиялық терминдер интеграциясының ертеректе болғанын меңзейді. Ғалымдар «өзгермелі шекаралы» Тұран тарихи атауының пайда болуын б.з.д. I мыңжылдықтан өрбітіп, ресми мағынада пайдалану межесін XVIII ғасырға дейін алып келеді [5, 36 б.]. Ғасырлар бойы Тұран кеңістігінің дифференция үдерісі жүрді. Сондықтан да Тұран мен Түркістанның қарахандықтар кезеңінде ғана қатар қолданыла бастады немесе бірін-бірі ауыстырды деген пікірлер бір жақты сипат танытады. Ал халық жадында белгісіз көне дәуірлерден бері Түркістан мен Тұран атаулары түрктің жері және олардың иелік еткен барлық геосаяси, әрі этногеографиялық кеңістік ретіндегі егіз ұғым болып келе жатқаны белгілі.

XIII ғасырдан бастап Түркістан жеріне еуропалық саяхатшылар мен елшілер келе бастады. Мысалы италиялық Плато Карпини (1246 ж.), француз Вильгельм де Рубрук (1253 ж.) және саяхат жолы Кавказдан Тынық мұхитқа дейін созылған венециялық Марко Поло (1272 ж.) Түркістанның өздері басып өткен жерлері мен жолдарын сипаттаған [6]. Әмір Темірге испан патшасы III Генрих жіберген елші Руй Гонсалес де Клавихо (1403 ж.) күнделігіне Түркістанның қалалары туралы да жазған болатын.

Ал мақсатты түрде жүргізілген ғылыми зерттеулер шығыстану мен түрктану ғылымы қалыптаса бастаған кезде қолға алынды. Түрктану ғылымы жеке бір ғылым саласы ретінде қалыптасқаннан кейін түрктер мен олардың әлемі туралы қызығушылық арта түсіп, Түркістан атауы туралы ғалымдардың түрлі тұжырымдары көріне бастады. XIX-XX ғасырлардағы ғылымда, әсіресе батыстық және ресейлік түрктанушылардың ізденістерінде Тұран мен Түркістан терминдерінің шығу тегі және олардың нақты қандай аймақтар үшін пайдаланылғаны туралы мәселе азды-көпті қарастырылса да, олардың алғаш қандай дереккөздерде кездесетіні, территориялық ерекшеліктері секілді нақтыланған мәселелері кейінгі күнге дейін арнайы зерттеу нысанына алынбады.

Түркология мен түрк тарихын зерттеуге ынталы түрк елдерінде де Түркістан топонимінің арнайы зерттелінбегені байқалады. Дегенмен өлке тарихына қатысты, ұлт-азаттық қозғалыстардың қызметіне арналған және тұлғатану бағытында жүргізілген зерттеулерде Түркістанға қатысты ойларын білдірген ғалымдар да баршылық. Ендеше ғалымдар мен қаламгерлердің Түркістан атауына қатысты ғылыми ізденістері мен идеялық концепцияларын хронологиялық тәртіп бойынша тарқатып көрелік.

Ертедегі қытайдың әулеттік жылнамалары түрктер туралы негізгі дереккөздерді құрайды. Бұл жылнамалармен айналысқан ғалымдар арасында Ресей зерттеушілері алдыңғы қатарда тұрды. Олардың көш басын атақты синолог-ғалым – Никита Яковлевич Бичурин (1777-1853) есімімен байланыстырамыз. Бичуриннің зерттеу еңбектерінің дені Орта және Орталық Азияның түрк тілдес халықтары тарихына, этнографиясына арналды. Ғалым зерттеулерінде қытайдың «Хан шу», «Сүй шу», «Тан шу» және т.б. жылнамаларына сүйене отырып, ғұндардың және олардың ұрпақтары түрк, теле, ұйғыр және т.б. түрк тайпаларының тарихын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы және тұрмыстық шаруашылығын қарастырды. Аталмыш жылнамаларда түрктердің билеуші лауазымдары, тақ күресі, билікке келу жолдары, тайпалардың этникалық құрамы, қытаймен саяси және дипломатиялық қарым-қатынасы баяндалады. Ал осы жылнамалардағы деректерді қатесіз аударып, оны ғылыми айналымға енгізу

Никита Яковлевичке үлкен жауапкершілік жүктеді [7, 13 б.]. Я.Бичурин зерттеулерінің маңыздылығы да аталған деректерді ғылымға енгізуі еді. Ерте замандардан жалғасып келе жатқан Тұран мен Түркістан топонимдерін түрк антропонимімен байланыстыру әрекеттері [8] Бичуриннің еңбектерінде де көрініс тапты. Мысалы ол көптеген түрктанушы ғалымдардың жұмыс үстелінен табылатын «Көне заманда Орта Азияда өмір сүрген халықтар туралы мәліметтер жинағы» атты еңбегінде: «Ифаттың баласы Түрік Орта Азияны және Каспийден Корей шығанағына дейінгі жерлерді мекендеген тайпалардың атасы есебінде түсінілген»- деп [9], Каспий теңізінен Корей түбегіне дейінгі көшпелі тайпалар мекен еткен аймақтың түрк елі екенін білдіріп, ол ел туралы келесідей ой түйеді, - «Каспий теңізі мен Кух-Нур (Көкнұр) тауының арасында бір халық тұрады, олар түрік тілінде сөйлейді және исламға сенеді. Олар өздерін түрк, ал елдерін Түркістан деп атайды». Үзіндіден байқағаныңыздай, Бичурин Түркістан атауының төркінін Нұх пайғамбардың немересі ретінде танылған Түрік есімді тұлғаның ныспымен байланыстырады. Иакинфтің «Жоңғария мен Шығыс Түркістанның сипаттамасы» және т.б. зерттеулерінен «Үлкен Түркістан» ұғымын да байқауға болады. Сонымен қатар, ғалым өзіне дейін ұшырасатын Бұхара Түркістаны мен Қытай Түркістаны терминдерінің орнына Батыс және Шығыс Түркістан атауын қолдануды ұсынды.

Түркістан өлкесінің географиясын зерттеушілер қатарында орыс геологы және географы Иван Васильевич Мушкетов (1850 – 1902 жж.) есімі де белгілі. Зерттеуші 1874 жылы Түркістан генерал-губернаторының жанындағы ерекше тапсырмалар бөлімінде қызмет ете жүріп, Тянь-Шань, Жоңғар (Жетісу) Алатауы, Памир-Алтай тауларын зерттеді. Түркістан өлкесінің картасын түзіп, толықтыруға атсалысты. Ол 1884 жылы Г.Д. Романовскиймен бірге Түркістанның тұңғыш геологиялық картасын жасады, өлкедегі зерттеулерін 2 томдық «Түркістан» деп аталатын еңбегінде қорытындылады [10]. Бұл еңбегінде автор өңірдің көне заманнан ХХ ғасырдың басына дейінгі зерттелуін шолып, аймақтың тұңғыш геологиялық және орографиялық толық сипаттамасын берді. И.В.Мушкетов Түркістан территориясының іргелі ғылыми сипаттамасын берумен қатар, алғашқы геологиялық картасын да жасады [11]. Географ-ғалым 1886 жылы Түркістанның әкімшілік өзгерістерге ұшырағанына қарамастан, оған географиялық мағына беруге күш салды. Яғни Каспий теңізі, Иран үстірті мен Мұзды теңіз арасындағы аймақты Түркістан деп атау керек деген батыл ұсыныс тастады [10, 3 б.].

Жәдитшілдік ағымының жолбасшысы, патшалық Ресейдегі түрк-мұсылман халықтарының рухани көсемі, ағартушы ұстазы болған Ысмайыл Гаспыралы (1851-1914 жж.) «Түркістан бірлігі» идеясын негіздеген, саналы ғұмырын сол идеяға арнаған Түрк әлемінің ірі тұлғасы [12]. Гаспыралы өзінің Кавказдан шығып Осман империясына, Африкаға, Үндістанға және одан Қашғар арқылы Түркістанға шеккен сапарында (1893-1908 жж.) көріп-білгендерін жазып, біздің тақырыпқа қатысты азды-көпті ақпараттар қалдырды [13].

1885 жылы орыс генералы А.Куропаткиннің «Орта Азиядағы (Түркістандағы) орыс әскерінің әрекеті» атты естелік кітабын жариялады. Кейін 1906 жылы ол Түркістанның тарихына қатысты ізденістері мен пікірлерін «Тарих-и Жадида-и Түркістан» деген тақырыппен мақалалар сериясын жариялады [14]. Бұл мақалаларында Гаспыралы Ресей

отаршылығына дейінгі Түркістан хандықтарының саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірін талдады және сол арқылы өлкенің шынайы, өзекті тарихын жазуға талпыныс жасады. Аталмыш мақалалар мазмұнынан автордың Түркістанның Ресейге бағынышты болуының себептерін іздегені байқалады. Оның басты себебін – дамудан артта қалған білім беру жүйесі деп көрсетеді. Сондықтан да Гаспыралының Түркістанға келуінің басты себебі – жәдит мектептерін ашу болатын.

Ы. Гаспыралы «Тілде, пікірде, істе – бірлік» деген ұранмен Бақшасарай қаласында 1883-1917 жылдар аралығында саяси-экономикалық, әдеби «Тәржіман» газетімен Түрк әлемінің бірлігі мен дамуына мол үлес қосты. Түрк халықтарына қатысты алуан тақырыптарды қамтыған мақалаларында ортақ түрк әдеби тілі және жалпы түрік тарихын жазу туралы маңызды мәселелерді көтерді. Ғалым «Тарих-и Түрки» атты мақаласында түрік халықтарының жалпы тарихын жазу керектігін ерекше атап өтті [15]. Түрк әлемі ұстазының Түркістанға қатысты жазғандарының бұл өлкенің заманауи тарихы мен мәселелерін қамтитын зерттеулер қатарында маңыздылығының жоғары екенін айрықша атауға болады.

Орталық Азия мен қазақ өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөнінде құнды еңбектер жазған белгілі шығыстанушы Василий Владимирович Бартольд (1869- 1930 жж.) араб, парсы және жергілікті авторлардың материалдарын пайдалана отырып, «Моңғол кезеңіне дейінгі Түркістандағы христиандық туралы» (1894), «1893 – 1894 жылдары ғылыми мақсатпен Орталық Азияға жасалған саяхат туралы есеп» (1897), «Жетісу тарихының очерктері» (1898), «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» (1898-1900), «Ежелгі заманнан 17 ғасырға дейінгі Арал теңізі мен Әмударияның төменгі бойы туралы деректер» (1902), «Түркістанды суландыру тарихына» (1914), «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы» (1922), «Орта Азиядағы түрк халықтарының тарихы жөніндегі он екі дәріс» (1935) атты Түркістанның тарихы, этнографиясы мен мәдениеті туралы құнды еңбектер жазды. Академик: «Түркістан – Еуразия құрлығының орталық батыс бөлігіндегі үлкен территорияны алатын, бұрын Тұран немесе Түркістан аталған өлке» [16, 18 б.], -дей келе, саяси және этнографиялық жағынан батысында Орал, Каспийден басталып, шығысында Алтайға тіреледі, оңтүстігінде парсы елі мен ауған жерінен басталып, солтүстігінде Тобыл, Том губернияларына жететіндігін білдірді. Сондай-ақ Василий Владимирович: «VI ғасырда түріктер пайда болғаннан бері Тұран сөзі түрк елі мағынасында Түркістан болып қолданыла бастады»-деп [17, 66 б.], біз қарастырып отырған топонимнің шығу мерзімін Түрк мемлекеттілігінің құрылуымен ұштастырды.

Түркістан азаттық күресінің жетекшісі, Түркістан автономиясының құрушысы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай (1890-1941 жж.) «Тұтас Түркістан» идеологиясының саяси және әлеуметтік мәселелерімен ғана шектелмей, оның тарихы, мәдениеті және әдебиеті секілді Түркістанға қатысты түрлі мәселелер туралы ізденді, мазмұнды мақалалар жазды. М.Шоқай: «Түркістан – түріктер елі деген сөз сонау VI ғасырдың өзінде-ақ моңғол дәуіріне дейінгі көшпелілер империясының, түрк жұрты қанат жая қоныстанған кең байтақ аймақты сасанид әулеті кезіндегі (III-VII ғғ.) ирандықтар осылай атай бастаған екен»-деп [18, 49 б.], тарихи деректерге қанық

екенін көрсетеді. Сарапшыл ғалым бұл аймақтың территориясын Қытай шекарасынан Персия мен Византия шекарасына дейін созылып, солтүстікке қарай оны сасанидтер мемлекетінің арасындағы шекара қызметін атқарған Әмудариядан бастап, шығысында Индке дейін, ал батысында Орал (Жайық) өзенінен әрі төңкеріліп жатты деп көрсетті.

Тағылымды тағдыры «Түркістан» ұғымымен тұтасып кеткен сұңғыла ойшыл Түркістан топонимін саяси-этнографиялық атау ретінде өз заманындағы аумағына мың жылдан астам уақыт бұрын, яғни X ғасырларда жеткендігін де жазды. Саналы ғұмырын түрк халқының азаттығына арнаған күрескердің Түркістан туралы мазмұны бай, көп қырлы мақалалары отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан зерделенді, әлі де кешенді зерттеулерге арқау болары анық. Мұстафа Шоқай «Түркістан» қастерлі ұғымына қатысты публицистикалық еңбектер жазумен және әдеби туындыларға түсінік берумен ғана шектеліп қалмай, шабытымен сағынышқа толы жыр шумақтарына ақтарды [16, 176 б.]. «Тайлақ Ахмет» бүркеніш атымен өлең жазған белгісіз ақынды белгілі шоқайтанушы-ғалым Д. Қыдырәлі М. Шоқай болуы мүмкін деп, оның «Домбырама құлақ сал» және «Жұрт ойлары» өлеңдерінің толық мәтінін ұсынған болатын [19, 212 б.].

М. Шоқай «Түркістан» атауына тікелей қатысты «Ұлығ Түркістан», «Свободный Туркестан», «Новый Туркестан», «Йени Түркістан», «Яш Түркістан» т.б. басылымдарын ұйымдастырды, кейбірін өз қолымен жазып, тарату ісіне де араласты. Аталмыш ақпарат құралдарында Түркістанның тілі, әдебиеті, тарихы, мәдениеті, саясаты секілді өзекті және тарихи мәселелерді жан-жақты қарастырды.

Башқұрт ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, түрк халықтарының азаттығы жолындағы күрескер, белгілі түрктанушы ғалым Зәки Уәлиди Тоғанның (1890-1970) түрк тарихы мен түрк өнері тарихын зерттеуге бағытталған еңбектерінің өзегін Түркістан атауы құрайды [20]. З.У. Тоған түрк халықтарының ортақ қазынасы - «Құтты біліктің» Ферғана нұсқасын (1913 ж.), ортағасырлық тарих бойынша құнды дерек саналатын Ибн Фадланның «Саяхат кітабының» (Иран, Мешхед қаласы, 1923 ж.) көшірмесін тапқан, Түркиядағы түрктану ғылымын дамытқан ғалым ретінде ерекше құрметтеледі. Профессордың 1928-1939 жылдар аралығында Мысырда екі том етіп шығарған «Түрк елі (Түркістан) және оның жаңа тарихы» атты кітабын XVI ғасырдан өз заманына дейінгі мол деректердің синтезі ретінде таныстырды. Ол: «Географиялық, этнографиялық және тарихи мағынасында «Түркістан» оңтүстігінде Гүргән өзені, Хорасан таулары мен Күпет тауы, Куһи Баба (Қаратау), Мездуран, көне гректер Паропамис деп атаған Топчак пен Ақ Тау (Коһи Сефид), Хиндигус жотасы, Мұзтау сілемдері, шығысында Шығыс Түркістанның шығыс шекаралары, солтүстігінде Жоңғария мен Қазақстанның солтүстік шекарасы болған Ертіс бассейні және Арал-Ертіс су алмасу арнасының теріскей жағасы, батысында солтүстік Орал тауы, Жайық өзені, Еділдің теңізге құяр сағасы (Бөкей Ордасы) және Каспий теңізімен шектеседі. Осындай көлемді өлкенің Ауғанстан жеріндегі «Ауғанстан Түркістанын» және Иранның Астарabad пен Дерезиз аудандарында орын алған «Иран Түркістанын» есептемегенде жалпы жер көлемі 5 340 066 километрді құрайды» [21], – деп жазды. Ғалым түрк халқына тиесілі территорияның түгелін Түрк елі немесе Үлкен Түркістан деп, ол Батыс және Шығыс Түркістаннан, сондай-ақ шартты түрде «Ауғанстан Түркістаны» мен «Иран Түркістанынан» тұрады деп түсіндірді.

З.У. Тоғанның Түркістан тарихы туралы іргелі кітап жазуын замандас зиялылары қолдады. Мысалы түркістандық жәдитші Махмұтқожа Бехбуди «Түркістан тарихы керек» деген мақаласында бұл тақырыптың қаншалықты өзектілігін дәйектей келе, «Түркістанның тарихымен етене таныс жас тарихшымыз Ахмет Зәки Уәлидидің қаламына мол үміт артамыз» [22] -деп жазған болатын. Сонымен қатар, Зәки Уәлидидің «Түріктер мен татарлардың шығу тегі» деп аталған зерттеуінің бірінші бөлімінде «түрк» этнонимінің дыбыстық нұсқалары мен семантикасы, сол кездегі ғылыми әдебиеттерде айтыла бермейтін түрк тілдес тайпалар мен халықтардың этникалық тегі сипатталды.

З.У. Тоғанның Түркістан тарихын жазған ғалымдығынан бөлек, түркістандықтардың ұлт-азаттық қозғалысы болған «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының негізін қалаушы, әрі тұңғыш басшысы болғаны, басмашылар қатарында қарулы қақтығыстарға да қатысқаны белгілі.

Түркістандық Абдуллах Режеб Байсұн (1892-1956) «Түрікистан Милли Харекетлери» атты еңбегінде Түркістан даласын 5 200 000 километрге дейін созылтып, солтүстігінде Сібірмен, оңтүстігінде Үндістанмен, шығысында Қытаймен, ал батысында Каспий теңізімен шекараласатынын және халық санының 38 миллионнан асатынын жазса [23, 7 б.], Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихын зерттеуге үлкен үлес қосқан тарихшылардың бірі - Баймырза Хайыт (1917 –2006) Түркістан атауының тарих жазбаларында алғаш «Түркістанак» атымен сонау сақтар кезінде (б.з.б. VIII-III ғғ.) кездесетінін алға тартты [24, 23 б.].

Түркістанның тарихнамасын ертеден бүгінге дейін тізбектер болсақ, бірнеше кітапқа арқау болары сөзсіз. Бұл тұрғыда мәселені ашық қалдырып, Түркістан атауына қатысты ғылыми ізденістер мен идеялық концепциялардың шолу картасы ретінде библиографиялық тізімімізді монографиямызда ұсындық.

1. Түркістан атауының эволюциясы: зерттеу Түркістан атауының уақыт өте келе географиялық топонимнен этномәдени, саяси және өркениеттік символға айналғанын анықтады. Ол әр дәуірде этникалық идентификация, мемлекеттілік және түрк халықтарының біртұтастығымен байланыста дамыды.

2. Концепцияның кезеңдік трансформациясы: Түркістан ұғымы мифологиялық (этногенезбен байланыс), географиялық (шекараларды анықтау), саяси-тарихи (саяси субъект ретінде зерттеу) және идеологиялық (азаттық символы) кезеңдерден өтіп, Түрк Әлемінің тарихи-мәдени бірегейлігінің күрделі феноменіне айналды.

Қорытынды

Зерттеу барысында Түркістан атауының уақыт өте келе әртүрлі дискурстарда өзгеріске ұшырағаны анықталды. Алғашында ол түрк халықтарының географиялық-этникалық аймағы ретінде қолданылса, кейінірек оның өркениеттік, мәдени және мемориалдық кеңістіктегі маңызы артты.

XIX ғасырда Түркістан ұғымы ориенталистік зерттеулерде Батыс және Шығыс Түркістан болып екіге бөлінді. Кеңестік дәуірде бұл атау идеологиялық құрал ретінде қолданылып, Түркістан автономиясы қозғалысының тарихи контекстінде айтарлықтай

маңызды орын алды. XX ғасырда Түркістан идеясы ұлт-азаттық қозғалыстардың, түрк бірлігі концепциясының негізіне айналды. Мысалы Н.Я.Бичурин Түркістан ұғымын этноцентрлік тұрғыдан қарастырып, оны Нұх пайғамбардың немересі – Түрік есімімен байланыстырады. Бұл көзқарас мифологиялық сипатқа ие болғанымен, ерте дәуірлердегі түрк халықтарының өзіндік атауларын тарихи-генеалогиялық тұрғыдан негіздеуге бағытталған алғашқы талпыныстардың бірі болды. Ал И.В. Мушкетов Түркістанның геологиялық картасын жасап, оны кең ауқымды аймақ ретінде қарастырды. Оның концепциясы табиғи-географиялық факторларға сүйенгенімен, этномәдени факторларды ескермейді. Бартольд VI ғасырдан бастап Тұран атауының орнына Түркістан ұғымының қолданылғанын көрсетеді, бұл атаудың этнотерриториялық мағынасын айқындайды. Географиялық интерпретацияны кеңейте түскен З.У. Тоған мен Р.Т. Байсұн Түркістан аумағын барынша нақты белгілеп, оны Жоңғариядан Каспийге, Хорасан тауларынан Ертіс бассейніне дейін созылған кеңістік ретінде қарастырды. Бұл концепциялар Түркістанды тек түрк халықтары мекендеген аймақ қана емес, тарихи-өркениеттік орталық ретінде сипаттайды. Ал Ы.Гаспыралы Түркістанның саяси-әлеуметтік тарихын зерттеп, оның Ресей отаршылдығына дейінгі құрылымын қарастырды. Бұл тұрғыдан алғанда, оның зерттеулері Түркістанды дербес саяси субъект ретінде зерделеуге негіз болды. М. Шоқайдың «Тұтас Түркістан» идеясы Түркістанды біртұтас саяси-мәдени кеңістік ретінде қарастыруды көздейді. Оның концепциясы Орталық Азия халықтарының біртұтас мемлекет құруына негізделген идеологиялық тұжырым болды. Ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып, Түркістан ұғымының эволюциясын бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1. Мифологиялық кезең (Бичурин) – Түркістан атауын этногенезбен байланыстыру.
2. Географиялық кезең (Мушкетов, Бартольд) – табиғи шекаралар мен кеңістіктік құрылымды анықтау.
3. Саяси-тарихи кезең (Гаспыралы, Тоған, Байсұн) – Түркістанды тарихи-саяси субъект ретінде зерделеу.
4. Идеологиялық кезең (Шоқай) – Түркістанды ұлт-азаттық қозғалыстың символына айналдыру.

Бұл трансформация Түркістан концепциясының уақыт өте келе кеңейіп, ұлттық, саяси және өркениеттік тұрғыдан күрделене түскенін көрсетеді. Егер бастапқыда ол тек географиялық атау ретінде қолданылса, кейінірек түрк халықтарының тарихи-мәдени бірегейлігімен тікелей байланыстырылды. Шоқай мен Тоған сияқты ғалымдардың идеялары Түркістан ұғымын тәуелсіздік пен мемлекеттілік мәселелерімен сабақтастырып, оны саяси дискурстың маңызды элементіне айналдырды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Түркістан атауы тек географиялық нысан емес, сонымен қатар тарихи, әдеби, мәдени және саяси символ саналады. Түрк халықтарының ортақ мұрасы ретінде оның маңыздылығы тек өткен тарихпен шектелмей, қазіргі заманда да өзекті болып отыр. Бүгінде Түркістан концепциясы түрк халықтарының бірлігі, мәдени ренессанс және саяси интеграция мәселелерінде ерекше орын алады. Алдағы зерттеулерде бұл атаудың түрк әдебиеті мен тарихи жадыдағы репрезентациясын тереңірек қарастыру маңызды болмақ.

Авторлардың қосқан үлесі.

Жалмырза А.А. – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру; талдау және статистикалық деректермен жұмыс.

Богенбаев Н.Е. – қорытынды, ұсыныстар және редакциялау жұмысы.

Әдебиеттер тізімі

1. Sims-Williams, N. (2015) A new Bactrian Inscription from the time of Kanishka, Kushan Histories: Literary Sources and Selected Papers from a Symposium at Berlin, December 5 to 7, 2013. Edited by Harry Falk. Hempen Verlag, Bremen, pp. 255–264.
2. Тазағұл, А. (2016) Çin Kaynaklarına Göre Eski Türk Boyları. İstanbul: Bilge Kültür Sanat, s. 240.
3. İslâm Ansiklopedisi (2012). Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, Cilt.41., S. 556-560.
4. Баласағұн, Ж. (2003) Құтты білік, Аударған Асқар Егеубаев. Астана: Аударма, б. 128.
5. Туран на старинных картах (2008), с. 480.
6. Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 томдық (2005), құраст.: Н.А. Атығаев [ж.б.], арнайы ред. З. Қиянатұлы, ғыл. ред. С.Ф. Мәжитов, ауд.: М. Ілес, А. Сағымбаев. Тарих және этнология ин-ты. Астана: Фолиант, б. 512.
7. Бөгенбаев, Н.Е. (2014) Түрк дәуіріндегі Алтай өңірі: саяси тарихы және әлеуметтік-мәдени құндылықтары. Философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Астана: ЕҰУ, б. 152.
8. Рака, И.В. (1992) Авеста в русских переводах (1861-1996). Нева: Летний Сад, 1998, с. 480.
9. Бичурин, Н.Я. (1950) Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Ленинград: Издательство АН СССР, Т. 1, с. 470.
10. Мушкетов, И.В. (1886) Туркестанъ. Геологическое и орографическое описание по даннымъ, собраннымъ во время путешествій съ 1874 по 1880 гг. Томъ 1. СПб: Типографія М.М. Стасюлевича, с. 394.
11. Мушкетов, И.В. (1912) Собрание сочинений Ивана Васильевича Мушкетова. Вып. 2. СПб.: тип. М.М. Стасюлевича, с. 99.
12. Қыдырәлі, Д. (2018) Ұлы дала тарихы. Астана: «Ғылым» баспасы, б. 432.
13. «Тәржіман» (1893) 17 желтоқсан (21 №1311), 43-саны, бб. 37-40.
14. «Тәржіман» (1905), 1; 17; 18; 20; 32; 33; 39; 57; 59; 60; 69; 84; 87; 89.
15. «Тәржіман» (1906), 145-саны.
16. Жалмырза, А.А. (2013) Отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиеті. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, б. 202.
17. Бартольд, В.В. (1998) Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын, с. 194.
18. Шоқай, М. (1992) Түркістанның қилы тағдыры, құрастырған Б.С. Қошым-Ноғай. Алматы: Жалын, б. 182.
19. Қыдыралиев, Д. (2007) Мұстафа Шоқай. Астана: Фолиант, б. 320.
20. Togan, Z.V. (1929) Bugünkü Türkistan ve Yakın Mazisi, El-Matbaatü'l-Arabiyye ve El-Matbaatü'l-İtimad, Kahire; Togan, Z.V. (1939) Türkistan Tarihi; Togan, Z.V. (1946) Buruni'nin Dünya Hakkında Tasavvuru; Togan, Z.V. (1946) Umumî Türk Tarihine Giriş, İsmail Akgün Matbaası, İstanbul; Togan, Z.V.

(1951) Horezm Kültürü Vesikaları Kısım 1, İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi, İstanbul; Togan, Z.V. (1968) Tuyuhunlar ve Baskurtlar. İstanbul; Togan, Z.V. (1972) Oğuz Destanı Reşideddin Oğuznâmesi, Tercüme ve Tahlili, Kayı Yayınları, İstanbul; Togan Z.V. (1928) "Türkistan Metbuatı", Türkistan Haberleri". İstanbul: Türkiyat Mecmuası; Togan, Z.V. 1929-1940 seneleri arasında Türkistan vaziyeti; Togan, Z.V. (1981) Bugünkü Türkili (Türkistan) ve yakın tarihi. Cilt 1. Batı ve Kuzey Türkistan. 2 Baskı. İstanbul, s. 696; Togan, Z.V. (2012) Hatıralar (Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Millî Varlık ve Kültür Mücadeleleri). İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı Yay.

21. Togan, Z.V. (1981) Bugünkü Türkili (Türkistan) ve yakın tarihi. Cilt 1. Batı ve Kuzey Türkistan. 2 Baskı. İstanbul, s. 696.

22. Бехбуди, М. (1914) Туркистон, «Ойна» журналы, 38-саны.

23. Baysun, A.R. (1943) Türkistan Milli Hareketleri. İstanbul, s. 202.

24. Hayit, B. (1988) Türkistan terimi üzerine, Türk Dünyası Araştırmaları, Nisan.

А.А. Жалмырза¹, Н.Е. Богенбаев²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Международная Тюркская Академия, Астана, Казахстан

Историческая, геополитическая и культурно-поэтическая концепция названия «Туркестан»

Аннотация: Название «Туркестан» представляет собой комплексный феномен, отражающий единство тюркского мира, его общую культурно-историческую преемственность и цивилизационный код. На протяжении истории это название стало не просто географическим топонимом, но и понятием с глубокой этнокультурной семиотикой и широкими хронотопическими параметрами. Туркестан рассматривается как центр, сформировавший на протяжении веков традиции государственности тюркских этносов, их культурно-интеллектуальное пространство и духовно-мифопоэтическое мировоззрение. Его значение выходит за рамки лишь пространственных характеристик, проявляясь также в символическом и идеологическом измерениях. Концепт Туркестана играет ключевую роль в сохранении цивилизационного единства тюркского мира.

Настоящее исследование направлено на анализ исторической эволюции названия «Туркестан», его геополитических трансформаций и репрезентации в литературно-культурном дискурсе. Документально подтверждается, что с VII века термин «Туркестан», наряду с Тураном, использовался как официальный и семантически значимый. На основе источников средневековых арабских, персидских и тюркских авторов (аль-Якуби, Ибн Хаукаль, Ж. Баласагун и др.), а также трудов востоковедов и тюркологов более позднего периода (Бичурин, Мушкетов, Бартольд, Гаспринский и др.) рассматриваются различные смысловые слои этого понятия.

В исследовании применяются методы генеалогического, компаративистского, филолого-герменевтического и семиотического анализа. Предполагается, что в разные исторические эпохи наименование «Туркестан» развивалось в тесной связи с понятиями этнической идентификации, политической структуры и цивилизационной целостности.

Историко-геополитическое значение термина «Туркестан» трансформировалось под воздействием политико-социальных факторов, а его интерпретации варьировались в зависи-

мости от научной парадигмы и исследовательского подхода. В процессе осмысления сущности Туркестана и определения его границ учёные опирались на историко-географические, этнолингвистические и политические аспекты.

Ключевые слова: Туркестан, тюркский мир, исторический хронотоп, этнокультурное пространство, геополитическая трансформация.

A.A. Zhalmyrza¹, N.E. Bogenbayev²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan*

The historical, geopolitical, and cultural-poetic concept of the name “Turkestan”

Abstract. The term “Turkestan” represents a multifaceted phenomenon that encapsulates the unity of the Turkic world, its shared cultural-historical continuity, and its civilizational code. Throughout history, this name has transcended its initial role as a mere geographical toponym, evolving into a concept imbued with profound ethno-cultural semiotics and extensive chronotopic dimensions. Turkestan is conceived as a civilizational center that, over the centuries, has shaped the statehood traditions of Turkic ethnos, their cultural-intellectual space, and their spiritual and mythopoetic worldview. Its significance extends beyond spatial characteristics, manifesting in symbolic and ideological dimensions as well. The concept of Turkestan plays a pivotal role in preserving the civilizational unity of the Turkic world.

This study aims to analyze the historical evolution of the term “Turkestan,” its geopolitical transformations, and its representation in literary and cultural discourse. Documentary evidence confirms that since the 7th century, the term “Turkestan”—alongside Turan—has been employed both officially and with notable semantic weight. Drawing upon medieval Arabic, Persian, and Turkic sources (al-Ya’qubi, Ibn Hawqal, Yusuf Balasaguni, among others), as well as the works of later Orientalists and Turkologists (Bichurin, Mushketov, Barthold, Gasprinsky, etc.), this research examines the diverse semantic layers of the concept.

The methodology of the study incorporates genealogical, comparative, philological-hermeneutic, and semiotic analyses. It is posited that the name “Turkestan” evolved in close association with notions of ethnic identity, political structure, and civilizational integrity across different historical periods.

The historical-geopolitical meaning of the term “Turkestan” has undergone transformations under the influence of political and social factors, and its interpretations have varied according to scholarly paradigms and methodological approaches. In exploring the essence of Turkestan and delineating its boundaries, scholars have relied on historical-geographical, ethnolinguistic, and political frameworks.

Keywords: Turkestan, Turkic world, historical chronotope, ethno-cultural space, geopolitical transformation.

References

1. Sims-Williams, N. (2015) A new Bactrian Inscription from the time of Kanishka, *Kushan Histories: Literary Sources and Selected Papers from a Symposium at Berlin, December 5 to 7, 2013*. Edited by Harry Falk. Hemen Verlag, Bremen, pp. 255–264.
2. Taşağıl, A. (2016) Çin Kaynaklarına Göre Eski Türk Boyları. İstanbul: Bilge Kültür Sanat, s. 240. [in Turkish]

3. İslâm Ansiklopedisi (2012). Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, Cilt.41., S. 556-560. [in Turkish]
4. Balasagun, Zh. (2003) Kutty bilik, Audargan Askar Egeubaev. Astana: Audarma, b. 128. [in Kazakh]
5. Turan na starinnyh kartah (2008), s. 480. [in Russian]
6. Tarih - adamzat akyl-ojynyn kazynasy: 10 tomdyk (2005), kurast.: N.A. Atygaev [zh.b.], arnajy red. Z. Kiyanatuly, gyl. red. S.F. Mazhitov, aud.: M. Iles, A. Sagymbaev. Tarih zhane jetnologiya in-ty. Astana: Foliant, b. 512. [in Kazakh]
7. Bogenbaev, N.E. (2014) Turk dauirindegi Altaj oniri: sayasi tarihy zhane aleumettik-madeni kundylyktary. Filosofiya doktory gylymi darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya. Astana: EUU, b. 152. [in Kazakh]
8. Raka, I.V. (1992) Avesta v russkih perevodah (1861-1996). Neva: Letnij Sad, 1998, s. 480. [in Russian]
9. Bichurin, N.Ya. (1950) Sobranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena. Leningrad: Izdatel'stvo AN SSSR, T. 1, s. 470. [in Russian]
10. Mushketov, I.V. (1886) Turkestan. Geologicheskoe i orograficheskoe opisanie po dannym, sobrannym vo vremya puteshestvij s 1874 po 1880 gg. Tom 1. SPb: Tipografija M.M. Stasyulevicha, s. 394. [in Russian]
11. Mushketov, I.V. (1912) Sobranie sochinenij Ivana Vasil'evicha Mushketova. Vyp. 2. SPb.: tip. M.M. Stasyulevicha, s. 99. [in Russian]
12. Kydyrali, D. (2018) Uly dala tarihy. Astana: «Gylym» baspasy, b. 432. [in Kazakh]
13. «Tarzhiman» (1893) 17 zheltoksan (21 №1311), 43-sany, bb. 37-40. [in Kazakh]
14. «Tarzhiman» (1905), 1; 17; 18; 20; 32; 33; 39; 57; 59; 60; 69; 84; 87; 89. [in Kazakh]
15. «Tarzhiman» (1906), 145-sany. [in Kazakh]
16. Zhalmyrza, A.A. (2013) Otarshyldykka karsy Turkistan adebieti. Astana: L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin baspasy, b. 202. [in Kazakh]
17. Bartol'd, V.V. (1998) Tyurki: Dvenadcat' lekcij po istorii tureckih narodov Srednej Azii. Almaty: Zhalyn, s. 194. [in Russian]
18. Shokaj, M. (1992) Turkistannyn kily tagdyry, kurastyrgan B.S. Koshym-Nogaj. Almaty: Zhalyn, b. 182. [in Kazakh]
19. Kydyraliev, D. (2007) Mustafa Shokaj. Astana: Foliant, b. 320. [in Kazakh]
20. Togan, Z.V. (1929) Bugünkü Türkistan ve Yakın Mazisi, El-Matbaatü'l-Arabiyye ve El-Matbaatü'l-İtimad, Kahire; Togan, Z.V. (1939) Türkistan Tarihi; Togan, Z.V. (1946) Buruni'nin Dünya Hakkında Tasavvuru; Togan, Z.V. (1946) Umumî Türk Tarihine Giriş, İsmail Akgün Matbaası, İstanbul; Togan, Z.V. (1951) Horezm Kültürü Vesikaları Kısım 1, İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi, İstanbul; Togan, Z.V. (1968) Tuyuhunlar ve Baskurtlar. İstanbul; Togan, Z.V. (1972) Oğuz Destanı Reşideddin Oğuznâmesi, Tercüme ve Tahlili, Kayı Yayınları, İstanbul; Togan Z.V. (1928) “Türkistan Metbuatı”, Türkistan Haberleri”. İstanbul: Türkiyat Mecmuası; Togan, Z.V. 1929-1940 seneleri arasında Türkistan vaziyeti; Togan, Z.V. (1981) Bugünkü Türkili (Türkistan) ve yakın tarihi. Cilt 1. Batı ve Kuzey Türkistan. 2 Baskı. İstanbul, s. 696; Togan, Z.V. (2012) Hatıralar (Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Millî Varlık ve Kültür Mücadeleleri). İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı Yay. [in Turkish]
21. Togan, Z.V. (1981) Bugünkü Türkili (Türkistan) ve yakın tarihi. Cilt 1. Batı ve Kuzey Türkistan. 2 Baskı. İstanbul, s. 696. [in Turkish]
22. Behbudi, M. (1914) Turkiston, «Ojna» zhurnaly, 38-sany. [in Kazakh]

23. Baysun, A.R. (1943) Türkistan Milli Hareketleri. İstanbul, s. 202. [in Turkish]

24. Hayit, B. (1988) Türkistan terimi üzerine, Türk Dünyası Araştırmaları, Nisan. [in Turkish]

Авторлар туралы мәлімет:

Жалмырза А.А. – хат-хабарға жауапты автор, филология ғылымдарының кандидаты, Түркітану кафедрасының доценті м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Богенбаев Н.Е. – PhD, Халықаралық Түркі Академиясының сарапшысы, Астана, Қазақстан.

Жалмырза А.А. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, и.о. доцента кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Богенбаев Н.Е. – PhD, эксперт Международной Тюркской Академии, Астана, Казахстан.

Zhalmyrza A.A. – Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor at the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Bogenbayev N.E. – PhD, Expert at the International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).